

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, зейнеткерлерге Қордан зейнетақы жинақтарын проактивті форматта төлеу бойынша қызмет көрсетеді

2022 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде зейнет жасына толған және зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген 175 мыңнан астам салымшы (алушы) бар.

БЖЗҚ мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арасында жүргізілген салыстырып тексеру нәтижелері бойынша, осы санаттағы салымшылардың (алушылардың) бір бөлігі жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бюджет қаражаты есебінен алады, әрі мобильдік азаматтар базасында олардың телефон нөмірі тіркелген.

Осыған байланысты, зейнет жасына жеткен, бірақ зейнетақы жинақтарын төлеу үшін Қорға өтініш жасамаған салымшылар (алушылар) бойынша **2022 жылдың 27 сәуірінен бастап** Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін мобильді азаматтар базасында тіркелген салымшының (алушының) телефон нөміріне **sms-хабарлама жіберу арқылы** проактивті форматтағы жұмысын бастайды.

Зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес Мемлекеттік корпорациядан төленетін жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін БЖЗҚ-дан алу үшін салымшы (алушы) зейнетақы тағайындау кезінде Мемлекеттік корпорацияға бұрын ұсынылған салымшылардың (алушылардың) банк шоттарына **қазақ немесе орыс тілдерінде жауап хабарлама** жіберуі қажет.

Назар аударамыз:

- проактивті қызметті алу кезінде **БЖЗҚ және (немесе) ХҚКО жүгіну және құжаттарды тапсыру талап етілмейді;**
- БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен мерзімі салымшының (алушының) ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығына байланысты.

Егер БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға проактивті қызмет көрсетілу күніне зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса (2022 жылы 555 624,00 теңге), бұл сома жеке табыс салығын ұстап қалу ескеріле отырып, бір рет төленетін болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтарын мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).